

**«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі жеке мекемесінің білім  
алушыларға стипендия тағайындау туралы  
ЕРЕЖЕСІ**

**I. Жалпы ереже**

1. Ереже ҚР «Бюджет туралы» Заңына сәйкес, сонымен қатар колледж әкімшілігінің ұсынысы негізінде құрастырылған.
2. Стипендия білім алушылардың:
  - үлгерім сапасын көтеру;
  - сабаққа қатысу көрсеткішін жоғары көтеру;
  - білім алуға қызығушылығын арттыру;
  - әлеуметтік көмек көрсету;
  - жекеменшік колледждің ерекшелігін көрсету мақсатында тағайындалады.

**II. Білім алушыларға демеушілік стипендия тағайындауды  
ұйымдастырудың тәртібі**

3. Демеушілік стипендия 2010-2011 оқу жылынан бастап келісім-шарт негізінде оқуға қабылданған білім алушыларға оқуға түскеннен соң 1 семестрден кейін емтихан сессиясының қорытындысы және қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысқан білім алушыларға тағайындалады.
4. Емтихан сессиясының қорытындысы бойынша тек қана «жақсы» және «өте жақсы» бағалар алған білім алушыларға, үлгерушілерге тағайындалады.
5. Демеушілік стипендия иегерлері, жыл сайын үздік оқуымен өзінің стипендиясына құқылығын дәлелдеп отыруы керек.
6. Демеушілік стипендияға иегер білім алушының қанағаттанарлықсыз үлгерімі негізінде - оларға құрылған стипендияны одан әрі қаржыландырудан демеуші бас тартуға құқылы.
7. Колледждің ерекше білім алушыларына жылына 1 рет «Ең үздік студенті номинациясы» және «Джи-Ай» Холдингі президентінің немесе колледждің арнайы «Денсаулық» стипендиясы тағайындалады.
8. Емтихандарды қайта тапсырған білім алушыға стипендия тағайындалмайды.
9. Орынды себептермен емтихан сессиясын ұзартқандар стипендия алушы үміткерлер қатарына қосылады.
10. Ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар, мүгедектер, жетім балалар қатарындағы тәртіпті, сабақтан қалмайтын және ағымды аттестаци нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған немесе қарыздары жоқ білім алушыларға демеуші стипендия тағайындалады.
11. Сабақты (2сағаттан көп) себепсіз жіберген білім алушыларға демеуші стипендия тағайындалмайды.
12. Демеуші стипендия «өте жақсы» бағамен оқитындарға 4000 теңге, «жақсы» және «өте жақсы» бағамен оқитындарға 2000 теңге, ата-анасының қамқорынсыз қалғандар мен мүгедектерге 1000 теңгеден беріледі.